| | |
|---|---|
| Бөлім: | 6.1VI - IX ғасырлардағы Қазақстан |
| Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда) | Махамбетова Ардақ |
| Күні: | 23.09.2026 (6D)<br>25.09.2026 (6E)<br>24.09.2026 (6G)<br>28.09.2026 (6J)<br>28.09.2026 (6H) |
| Сынып: 6D,6E,6G,6J,6H | Қатысушылар саны:<br>Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Оғыз мемлекеті.<br>Зерттеу сұрағы: Қазақстанның орта ғасырлар тарихында Оғыз мемлекетінің алатын орны қандай? |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары | 6.3.1.2 VI-IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау |
| Сабақтың мақсаты | Оғыз мемлекетінің даму ерекшеліктерін түсіндіреді. |
| Құндылықтар | Енбеккорлық және кәсіби біліктілік |
| Апта дәйексөзі: | Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Ұйымдас-тыру<br><br>Өткен білімді еске түсіру<br>7 минут<br><br>Жаңа тақырыпқа қадам<br>3 минут | ББЫМБастапқы ынталандырушы материал ретінде оқушылардың назарына Оғыз мемлекетінің құрылуы туралы бейнероликті 1 минут 30 секундтан бастап көрсетіңіз. Барлық сыныппен бейнематериал бойынша талқылау жұмысын ұйымдастырыңыз:<br>• Бейнебаянда қандай мемлекет жөнінде айтылған?<br>• Қалай ойлайсыздар бұл мемлекеттің Қазақстан тарихында маңызы зор ма?<br>• Бүгін біз қандай тақырыпты қарастыратын боламыз?<br>БОқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді.<br>МПрезентацияның көмегімен оқушыларды жаңа тақырыппен, оқу мақсаттарымен және бағалау критерилерімен таныстырыңыз. | Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу<br>ЕБҚ оқушыны өзін сыныптан шеттетілгенде й сезінбеуі үшін мұғалімнің үстеліне жақын, мінез-құлқы жайлы балалардың тобына орналастыру. | мадақтау | Тақырыптық суреттер |
| Сабақтың ортасы<br>Жаңа білім<br>5 минут | Мәтінмен жұмыс<br>Зерттеу сұрақтары<br>• Оғыз мемлекетінің аймағының кеңеюіне не әсер етті?<br>• Оғыздардың Қазақстан тарихында алатын орны қандай? | Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды | ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері | Ақпараттық мәтін<br><br>Үлестірмелі қағаздар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 минут<br><br>5 минут | • «Оғызнама» жыры тарихи дерекөз ретінде қандай ақпарат береді:<br>ЕББ оқушыға суреттер/иллюстрациялар ұсынылады;<br>ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ<br>МОғыз мемлекетінің қалыптасуы мен дамуы жөніндегі бейімделген материал ұсыныңыз<br>1-тапсырма. төмендегі тапсырмаларды орындауы қажет:<br>1:Оғыздардың орналасу аймағын, ордасын және шектесетін көрші тайпалар мен мемлекеттерді сипаттап, кескін картаға енгізеді.<br>2:Оғыздардың этникалық құрамын және этимологиясының шығу тегін талдап, постерге түсіреді.<br>3:Сыртқы саясатының ерекшеліктерін анықтап, алынған білімнің негізінде инфорграфика құрастырады.<br>4:Оғыздардың әлеуметтік құрамын зерттеп, әлеуметтік пирамидаға сәйкестендіреді.<br>Оқушылар өз жұмыстарының нәтижесін ортаға салады. Жұмыстарын қорғамас бұрын әрбір оқушыға ақпараттық органайзер таратып беріңіз.<br>Ақпараттық органайзер<br>Аймақ атаулары \| Маңызды даталар \| Тарихи хронологи<br>Кілтті терминдер \| Ерекшеліктері \| Маңызды оқиғалар<br>ЕБҚ оқушылар негізгі термин сөздерді мәтіннен анықтайды;<br>ҚОЛДАНУ<br>Оқушыларды жеке дара түрінде 2-тапсырманы орындауды өтініңіз. Олар «Оғыз мемлекеті» тақырыбында интернет желісіндегі уикипедия парағын құрастыруы қажет. Уикипедия парақшасын құрастырудың нұсқаулығын және парақшаның үлгісін (Қосымша 3) оқушыларға таратып беріңіз немесе интербелсенді тақтада көрестіп, таныстырыңыз. Парақшаны құрастыру үшін оқушылар өз ұялы телефондарын қолдануы мүмкін. | өз жұмыстарын қорғау барысында қалған оқушылар тыңдап, парақтарды толтырып отыруы тиіс. | байланыс беріп отырады<br><br>«Ең үздік жауап»<br><br>«Алақан-жұдырық»<br><br>«Жұлдызшалар» | Суреттер<br><br>Тірек-сызбалар Кесте<br><br>Карта<br><br>Ақпараттық органайзер |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 10 минут | Тапсырманы орындауға арналған критерилер<br>- Мемлекеттің географиялық орналасуы мен ордасын көрсету;<br>- Оғыз мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық саласындағы маңызды3 факторды сипаттаңыз;<br>- Оғыз мемлекетінің сыртқы саясатындағы маңызды3 факторын келтіріңіз;<br>- Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы Оғыз мемлекетінің алатын орнына баға беріп, оны 3 дәйекпен бекітіңіз.<br>ЕБҚ оқушыға қолдау көрсету мақсатында суреттің үлкен нұсқасын ұсынамын.<br>Интерпретация<br>ЖКелесі кезеңте жеке жұмысты ұйымдастырыңыз. Әрбір оқушыға 3-тапсырманы орындау үшін дерекпен жұмысты ұсыныңыз. Рашид ад-Диннің «Оғызнама» дерегінен үзінді:<br>Ей, ұлдарым менің<br>Мен басымнан көп нәрсе өткіздім.<br>Талай-талай шайқасты көрдім,<br>Садақ тартып, оқ аттым,<br>Дұшпандарымды жылаттым,<br>Достарымды күлдірттім.<br>Көк Тәңірі алдындағы парызымды өтедім.<br>Ел – жұртымды сендерге табыс етем.<br>Оқушыларға деректегі ақпаратты түсінуіне арналған тапсырманы ұсыныңыз.<br>Тапсырманы орындау критерилері:<br>1. Деректе қандай кілтті сөздер қолданылған және олар нені білдіреді?<br>2. Автор қандай идеяны (көзқарасты) ұсынбақ болды? Деректе берілген ақпаратты түсіндіріңіз.<br>3. Деректегі ақпараттың құндылығы неде? Қандай оқиғаға байланысты дерек жазылды?<br>«Оғызнаманың» басты идеясы - бүкіл түркі елін бірлікке шақыру, достық пен адамгершілікке үндеу, сыртқы жауға қарсы күресу болып табылады деген қорытынды жасауға оқушыларды жетелеңіз.<br>ЕБҚ: оқушыға тапсырманың нақты бір бөлігін ерекшелеп көрсетіп беріледі. | Оқушылар өздерінің қалауы бойынша сыныпқа өз парақшасын келтіруі мүмкін.<br>Атқарылған жұмыстың нәтижесі бойынша сыныптық талқылау ұйымдастырыңыз. Сұрақ-жауап.<br>Оқушылар бір-бірінің жауабын толықтыруы мүмкін. | | Уикипедия парағын жасау нұсқаулығы<br><br>ҚБ парағы |
| Сабақтың соңы<br>5 минут | Кері байланыс<br>Мен оны қолданып көремін.....<br>Қызықты болды.....<br>Мені таңғалдырды....<br>Қиын болғаны....<br>Сабақтан өмірге алғаным.....<br>Мен мына тапсырманы орындадым..... | Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады | Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды | А4, конспект |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Менің қосарым..... | | | |
| Үй тапсырмасы | Оғыз | | | |